- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: осы шығарылымның облигациялары орналастырылмаған.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

3.1. Облигациялар түрі:
Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

3.2. Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):
Облигациялардың номиналды құны тіркелген шама болып табылады және 1 000 (бір мың) теңгеге тең.

3.3. Облигациялар саны:
120 000 000 (жүз жиырма миллион) дана

3.4. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:
120 000 000 000 (жүз жиырма миллиард) теңге

3.5. Облигациялардың номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:
Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеу) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын және/немесе есептелген сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының Облигацияларды ұстаушы бейрезидентінен тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлемді жүзеге асыру күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастау Қазақстан Республикасының Облигацияларды ұстаушы бейрезидентінің есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Облигацияларды ұстаушы-резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығындары Қазақстан Республикасының облигацияларды ұстаушы бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:

Осы шығарылымның облигацияларын төлеу қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен жүргізіледі.

5. Облигациялар бойынша табыс алу:

5.1. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі айналымның барлық мерзіміне бекітілген болып табылады және "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі ережелеріне сәйкес өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы мамандандырылған сауда-саттықтарды өткізу қорытындылары бойынша анықталатын болады (бұдан әрі – "Алғашқы өткізілген сауда-саттық").

Облигациялар айналысының басталу күні және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпаратты Эмитент Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында www.kdb.kz және "Қазақстан қор биржасы" АҚ интернет-ресурсында www.kase.kz жариялайды.

5.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналымының басталған күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

5.3. Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:
Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялар айналымы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналысының соңғы күнінде аяқталады.

5.4. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

Сыйақы оны алу құқығына ие және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Эмитенттің орталық депозитарийінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - "Тіркеу күні"). Сыйақы төлеу тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде тіркеу күніне Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша (теңгемен) аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлем күніне сыйақы облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Сыйақыны соңғы төлеу облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5.5. Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн айналым мерзімі ішінде уақытша база есебінен жүргізіледі.

6. Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

8.1. Облигацияларды орналастыру басталған күн:

Облигацияларды орналастырудың басталу күні облигациялар айналымының басталу күні болып табылады.

8.2. Облигацияларды орналастыру аяқталған күн:

Облигацияларды орналастыру аяқталған күн Облигациялардың айналымдағы кезеңінің соңғы күні болып табылады.

8.3. Облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастыру жоспарланып отыр.

9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:

9.1. Облигациялар айналымының басталу күні:

Облигациялар айналымының басталу күні "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні болып табылады.

Облигациялар айналымының басталу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында жарияланады (www.kase.kz).

9.2. Облигациялар айналымының аяқталу күні:

Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жыл өткен соң.

9.3. Жүгіну мерзімі:

Облигациялардың айналым мерзімі- Облигациялар айналымының басталған күнінен бастап 10 (он) жыл.

9.4. Облигациялар айналымы жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында айналыста болады.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

10.1. Облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар айналым кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.

10.2. Облигацияларды өтеу тәсілі:

Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.

10.3. Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигациялар шығару аңдатпасына сәйкес өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың көшуін іске асыру тәртібі келтіріледі:

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:

11.1. Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:

Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу Бағасы, Сатып алу тәртібі (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында) және сатып алу күні Эмитенттің

Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен айқындалады.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент қайта сатуы мүмкін.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялар сатып алынатын облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент сатып алуды осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі осындай шешімді Директорлар кеңесі қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми корпоративтік интернет-ресурстарына эмитенттің ішкі актілерінде, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен тиісті хабарлама жіберіліп облигация ұстаушылардың назарына жеткізіледі. Хабарламада тәртіптің, шарттардың сипаттамасы және Облигацияларды Сатып алу жүргізілетін күн көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес "Қазақстан қор биржасы" АҚ эмитенті ашады. Облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды олардың күшін жою мақсатында сатып алуды жүзеге асыруға құқылы (бұдан әрі – "Күшін жою мақсатында сатып алу").

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент осындай шешімді Директорлар кеңесі қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми корпоративтік интернет-ресурстарына Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигация ұстаушыларға хабарлайды. Хабарламада тәртіптің, шарттардың сипаттамасы және Облигациялардың күшін жою мақсатында сатып алу жүргізілетін күн көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жинақталған сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, теңгедегі номиналды құны бойынша жүзеге асырылады. Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу кезінде күшін жою мақсатында сатып алу күнінің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалардың номиналды құнын және жинақталған купондық сыйақыны алуға құқығы бар. Эмитенттің Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу немесе сатып алу туралы шешім қабылдауы Облигацияларды ұстаушыларда Эмитентке оларға тиесілі Облигацияларды сату міндеттемесінің пайда болуына себеп болып табылмайды.

Облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді, егер барлық облигацияларды Эмитент бағалы қағаздардың қайталама рыногында сатып алған жағдайда Директорлар кеңесі қабылдайды.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, Облигациялардың номиналды құнын және Облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының Облигацияларды ұстаушы бейрезидентінен тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлемді жүзеге асыру күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастау Қазақстан Республикасының Облигацияларды ұстаушы бейрезидентінің есебінен

жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Облигацияларды ұстаушы-резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығындары Қазақстан Республикасының облигацияларды ұстаушы бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:

12.1. Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарыгы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент:

- Эмитент пен "Қазақстан қор биржасы" АҚ арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;
- Облигациялар эмитенті мен "Қазақстан қор биржасы" АҚ арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген, облигациялар эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге міндеттенеді.

12.2. Ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кездегі Эмитенттің іс-қимыл тәртібі):

Бағалы қағаздар нарыгы туралы Заңда және осы шарттарда көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себептерін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигация ұстаушыларының назарына жеткізеді. Облигацияларды ұстаушылардан сатып алу туралы алғашқы жазбаша талапты алған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қандай шама ең жоғары болып табылатындығына байланысты Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Облигацияларды сатып алу күні туралы Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы алғашқы жазбаша талапты алған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Сатып алу Облигация ұстаушылары берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

12.3. Ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде Облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:

Осы шарттарда көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған және/немесе Эмитенттен осындай бұзушылық туралы ақпарат алған жағдайда, кез келген Облигация ұстаушылары хабардар етілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Эмитентке жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, номиналдық құнына сәйкес келетін баға бойынша не қандай шама ең жоғары болып табылатындығына байланысты облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша оларға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы тиісті талап беру арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді: заңды тұлға үшін:

- Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; берілген күні

және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті (анықтаманы) берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; нөмірі, күні және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушылардың осы талаптарда көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Осы шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

14. Осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілген болып табылады.

15. Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

17.1. Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметін қаржыландыруға бағытталатын болады. Купондық сыйақыны және номиналды құнды өтеу Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде түскен қаражаттан жүзеге асырылады.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарланған бөлінісінде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар туындаған кезде Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жетінші облигациялық бағдарлама шегінде Облигациялардың екінші шығарылымының Аңдатпасына тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

17.2. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес Облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:

Қолданылмайды. Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

18. Айналыс мерзімі өткен Эмитент бұрын орналастырған (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төлем жүргізілетін облигацияларды шығару кезінде осы Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ Облигациялар шығарылымының көлемі, Облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигацияларды төлеу Эмитенттің бұрын орналастырылған облигациялары бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

19. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

19.1. Эмитенттен облигациялар шығару аңдатпасында көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша тіркелген пайызды алу құқығы не облигациялар шығару аңдатпасында белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы: Облигацияларды ұстаушылардың мынадай құқықтары бар:

- Эмитенттен шығарылым талаптарында көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алуға, сондай-ақ шығарылым талаптарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналды құнынан ол бойынша тіркелген пайызды алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі және "Қазақстан қор биржасы" АҚ талаптарымен қарастырылған тәртіпте Эмитенттің

- қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
 - осы шарттарда белгіленген жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

19.2. Эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығарылымының аңдатпасында көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы:

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер туындаған кезде Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, (i) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпаратты; (ii) Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарын аударуды; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты қоса алғанда, Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын сатып алу туралы хабарлайды.

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалар туындаған кезде Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені тиісті хабарлама бірінші жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап жіберу арқылы (Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша) өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент осындай талапты алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешікпейтін болуы тиіс, сатып алу күнін анықтайды және Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды.

Бұл ретте Эмитенттің облигацияларын сатып алу мынадай бағалардың қайсысы көп болса, сол бойынша жүзеге асырылады:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;
 - Облигациялардың әділ нарық бағасы.
- Ұстаушылары оларға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигациялар осы шарттарда көзделген тәртіппен Облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

19.3. Өзге де құқықтар:

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты құқықтан туындайтын өзге де құқықтар

20. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

20.1. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт-эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – "Дефолт оқиғасы") осы талаптарда көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық

сыйақыны төлеу мерзімі өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамау болып табылады.

Егер мұндай төлеу және (немесе) толық емес төлеу Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруы мүмкін емес болатын Облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының шынайы емес не толық емес деректемелерін алу не "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ Эмитентке Облигациялар ұстаушылар тізілімін заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде ұсынбау нәтижесі болып табылса, Жетінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының аңдатпасында белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақы және (немесе) облигациялардың номиналды құнын төлеу не толық төлеу облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

20.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент қолданатын шаралар, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына мерзімі өткен әрбір күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұлды есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент Жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың екінші шығарылымының аңдатпасы бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмес күш жағдайлары деп болжауға немесе алдын алуға мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмес күш жағдайлары пайда болған жағдайда, Эмитенттің Жетінші облигациялық бағдарлама шегінде екінші шығарылым аңдатпасы бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне мөлшерлес шегеріледі.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама бірінші жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Эмитент сатып алуға мәлімделген облигациялар санын көрсетіп, жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналдық құнына сәйкес келетін баға бойынша облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін қабылдауды немесе облигацияларды сатып алу туралы облигациялар бойынша талап ету құқықтарын (облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасы орын алғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне, өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс, ол облигациялар көлемін не ұстаушылардың сатып алуға мәлімдеген облигациялар бойынша талап ету құқықтарын және (қажет болған жағдайда) облигациялар шығарылымының аңдатпасына ықтимал өзгерістердің жобасын ескере отырып жасалуы тиіс. Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ, егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігі кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптары бойынша облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және облигацияларды ұстаушылардың бұдан кейінгі іс-әрекеттері немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан

Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигация ұстаушыға берілетін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигация ұстаушыларымен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде облигацияның оны ұстаушыға берілетін құқықтарын ескере отырып қабылдайды.

- 20.3. Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың назарына орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын аудару, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікте болатын тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібі мен тәсілдері:

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы орын алған кезде Эмитент дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады. Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларына Дефолт оқиғасы туралы хабардар етуді Эмитенттің (www.kdb.kz) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) интернет ресурстарына осындай ақпарат үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе "Қазақстан қор биржасы" АҚ ережелерінде көзделген мерзімде хабарламаны орналастыру арқылы Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен және "Қазақстан қор биржасы" АҚ Ішкі талаптарымен белгіленген тәртіпте, сондай-ақ Қаржылық есептілік депозитарийінің корпоративтік интернет-ресурсында (www.dfo.kz) ақпарат орналастыру тәртібімен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Хабарламада:

- i. дефолт фактісі туралы ақпарат;
- ii. дефолт туындаған күнгі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- iii. дефолт оқиғасының туындауына әкеп соққан міндеттемелерді орындамау себептері;
- iv. эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарының атауы;
- v. дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат қамтылуы тиіс.

Басқа заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікте болатын тұлғалар - жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақыларды төлеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражаты көздері мен ағындарының болжамы.

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы Андатпаның №1 қосымшасында берілген.

22. Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай өзбетінше жүзеге асырады.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер бағалы қағаздар нарығы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

24.1. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және оның болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

"Қазақстан Халық Банкінің "Halyk Finance" еншілес ұйымы "акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Halyk Finance") Эмитенттің облигациялар шығару жөніндегі қаржылық кеңесшісі және андеррайтері болып табылады. Halyk Finance бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2016 жылғы 4 қарашадағы № 3.2.229/7 лицензиясына ие.

24.2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және оның болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы, Абай даңғылы, 109 В, 5-қабат.

Телефон нөмірі: +7 (727) 357 31 77.

24.3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және оның болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен жасалған Эмитент шартының күні және нөмірі:

19.05.2020 ж. №н/ж қаржылық кеңес беру және андеррайтинг бойынша қызмет көрсету туралы шарт

24.4. Эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер, егер Эмитенттің пікірі бойынша мұндай мәліметтердің ашылуы Эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болып табылса, осы тармақта көрсетіледі:

Эмитент облигацияларды шығару кезінде өзге консультанттарды тартқан жоқ.

Басқарма Төрағасының Орынбасары



Бабичев Д. Ю.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің болжамы (мың теңге)

Күні	2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027
	жылдың 2-жарты жылдығы	жылдың 1- жарты жылдығы	жылдың 1-жарты жылдығы	жылдың 1-жарты жылдығы	жылдың 1-жарты жылдығы	жылдың 1-жарты жылдығы	жылдың 2-жарты жылдығы	жылдың 2-жарты жылдығы
Депозиттер1	206.34	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00
Кредиттік портфель	251.79	174.91	169.77	160.13	159.41	144.12	169.68	139.96
Қарыз портфелі бойынша ағын жиынтығы	-181.49	-91.60	-102.75	-181.06	-108.51	-142.46	-155.04	-73.91
Инвестициялық портфель бойынша ағын жиынтығы, ағымдағы	29.44	13.50	5.64	4.68	2.91	9.35	6.88	2.60
Өзге активтер бойынша түсім жиынтығы	0.02	0.02	0.02	0.02	0.01	0.00	0.00	0.00
ЖБҚ, КТС бойынша және НҚ және МЕА сатып алу бойынша жылыстау	-0.01	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00
Түсім Жиыны	487.59	188.43	175.43	164.84	162.33	153.46	176.57	142.56
Жылыстау Жиыны	-181.50	-91.60	-102.75	-181.06	-108.51	-142.46	-155.04	-73.91
ТАЗА ГЭП-ПОЗИЦИЯ	306.10	96.83	72.68	108.75	53.82	11.00	21.53	68.65
ЖИЫНТЫҚ ҚАЛДЫҚ (+) /АЛШАҚТЫҚ (-)	306.10	402.93	563.93	189.38	351.95	384.48	373.47	453.13

[1] Оның ішінде корреспонденттік шоттардағы және "кері РЕПО" операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары есепке алынады.

[2] Бұл болжамдар 01.07.2020 жылғы өтімділік деңгейі туралы есеп негізіндегі шоғырландырылмаған негізде есептелген.

[3] ОАР, КТС және НҚ мен МЕА сатып алу бойынша ағындар 2021 жылға дейін әзірленген даму жоспарынан алынған.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің болжамы (мың теңге)

Күні	2026 жылғы 1-жарты жылдық	2026 жылғы 2-жарты жылдық	2027 жылдың 1-жарты жылдығы	2027 жылдың 2-жарты жылдығы	2028 жылдың 1-жарты жылдығы	2028 жылдың 2-жарты жылдығы	2029 жылдың 1-жарты жылдығы	2029 жылдың 2-жарты жылдығы	2030 жылдың 1-жарты жылдығы	2030 жылдың 2-жарты жылдығы
Депозиттер	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00
Кредиттік портфель	146.21	137.17	81.75	91.43	73.92	88.46	62.49	76.75	95.85	46.33
Қарыз портфелі бойынша ағын жиынтығы	-188.64	-64.71	-47.10	-41.50	-42.80	-49.13	-41.59	-60.21	-37.77	-27.50
Инвестициялық портфель бойынша ағын жиынтығы, ағымдағы	2.67	20.32	17.37	1.68	7.84	6.66	32.55	6.90	43.68	0.01
Өзге активтер бойынша түсім жиынтығы	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00
ЖБК, КТС бойынша және НҚ және МЕА сатып алу бойынша жылыстау	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00
Түсім Жиыны	148.88	157.50	99.12	93.10	81.76	95.12	95.04	83.65	139.53	46.34
Жылыстау Жиыны	-188.64	-64.71	-47.10	-41.50	-42.80	-49.13	-41.59	-60.21	-37.77	-27.50
ТАЗА ГЭП-ПОЗИЦИЯ	-39.76	92.78	52.02	51.60	38.96	45.99	53.45	23.45	101.76	18.84
ЖИЫНТЫҚ ҚАЛДЫҚ (+) /АЛШАҚТЫҚ (-)	413.36	506.15	558.17	609.76	648.72	694.71	748.16	771.61	873.36	892.20

[1] Оның ішінде корреспонденттік шоттардағы және "кері РЕПО" операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары есепке алынады.

[2] Бұл болжамдар 01.07.2020 жылғы өтімділік деңгейі туралы есеп негізіндегі шоғырландырылмаған негізде есептелген.

[3] ОАР, КТС және НҚ мен МЕА сатып алу бойынша ағындар 2021 жылға дейін эзирленген даму жоспарынан алынған.

